

2009 жылғы 1 қыркүйектегі жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ағымдағы жағдайы

1 қыркүйекте 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) өз қызметін жүзеге асырды. Тамыз айында заңды тұлғаларға зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметке лицензия берілген жоқ.

14 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиясы бар, оның ішінде 10 қор зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие.

Есепті күнде 11 екінші деңгейдегі банк кастодиандық қызметті жүзеге асырды. Сонымен бірге, 6 екінші деңгейдегі банк қорларға кастодиандық қызмет көрсетті: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «Банк Центр Кредит» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «Еуразиялық Банк» АҚ, «АТФ Банк» АҚ және «Ситибанк Қазақстан» АҚ.

Қорлардың салымшылары (алушылары)

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 1 716,4 млрд. теңге жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасымен 7 625 669 болды. Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны тамыз айында 38 083-ке (0,5%), жинақталған зейнетақы қаражаты 41,7 млрд. теңгеге (2,5%) ұлғайды.

1 қыркүйекте міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны 4 қорда жинақталды: «Қазақстан Халық Банкі» – 24,5%, «МЖЗҚ» – 23,1%, «Ұлар Үміт» – 13,2% және «БТА Қазақстан» – 11,6% немесе олардың үлесіне барлық қорлар салымшыларының жалпы санының 72,4%-ы келеді. Тамыз айында 4 қордың үлесі 0,3 пайыздық тармаққа төмендеді.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 1 қыркүйекте жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 933,7 млн. теңгемен 40 241 болды. Ерікті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны тамыз айында 62-ге (0,2%) азайды, жинақталған зейнетақы қаражаты өз кезегінде 19,4 млн. теңгеге (2,1%) ұлғайды.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының саны 1 қыркүйектегі жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 76,9 млн. теңгемен 4 078 болды. Ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар (алушылар) шоттарының саны тамыз айында 7 бірлікке (0,2%), жинақталған зейнетақы қаражаты 2,8 млн. теңгеге (3,8%) ұлғайды.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты бір жылда 338 млрд. теңгеге, оның ішінде ағымдағы жылдың қаңтар-тамыз айларында 301,0 млрд. теңгеге (21,2%) ұлғайып, 1 қыркүйекте 1 721,5 млрд. теңге болды. Тамыз айында салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатының өсімі 41,7 млрд. теңге (2,5%) болды.

Зейнетақы жарналарының жалпы түсуі ағымдағы жылдың басынан бастап 192,6 млрд. теңгеге (16,3%), оның ішінде тамыз айында 23,5 млрд. теңгеге (1,7%) ұлғайып, 1 қыркүйекте 1 377,3 млрд. теңге болды.

Зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен, салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген «таза» инвестициялық кіріс сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 442,1 млрд. теңге болды. Ағымдағы жылдың басынан бастап «таза» инвестициялық кірістің өсімі 135,1 млрд. теңге (44,0%), оның ішінде тамыз айындағы өсім 20,6 млрд. теңге (4,9%) болды.


Салымшылардың (алушылардың) 1.01.2008 – 1.09.2009 жж. кезеңіндегі жинақталған зейнетақы қаражатының көлемі мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

Күні	млрд. теңге				
	1.01.08	1.01.09	1.09.09	1.01.09 салыстырғандағы өсім	1.01.09 салыстырғандағы өсім (%-бен)
Жинақталған зейнетақы қаражаты	1 208,1	1 420,5	1 721,5	301,0	21,2
Зейнетақы жарналары	912,1	1 184,7	1 377,3	192,6	16,3
«Таза» инвестициялық кіріс	339,3	307,0	442,1	135,1	44,0
«Таза» инвестициялық кірістің жинақталған зейнетақы қаражаты сомасындағы үлесі	28,1	21,6	25,7	-	4,1 (%-дық тармақ)

Көрсетілген кестеден жылдың басынан бастап жинақталған зейнетақы қаражатының өсімі 301,0 млрд. теңгені құрағаны байқалады. жинақталған зейнетақы қаражатының орташа айлық өсімі 25,1 млрд. теңге болды.

1 қыркүйекте ең көп жинақталған зейнетақы қаражатының сомасына 4 қор ие болды: барлық қорлардың жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы көлемінен «Қазақстан Халық Банкі» – 512,4 млрд. теңге (29,8%), «МЖЗҚ» – 275,5 млрд. теңге (16,0%), «ҰларҮміт» – 220,9 млрд. теңге (12,8%) және «БТА Қазақстан» – 212,0 млрд. теңге (12,3%) немесе жиынтығында осы 4 қордың үлесіне барлық жинақталған зейнетақы қаражатының 70,9%-ы келді. Тамыз айында үлесі 0,3 пайыздық тармаққа азайды.

Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және жинақталған зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы



Міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы ұстап қалмау мен аудармау және жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аударым жасауды уақтылы жүзеге асырмау үшін өсімпұл сомасы 1 қыркүйекте 10,4 млрд. теңге болды. Өсімпұлдың жалпы сомасының бір жылдағы өсімі 1,6 млрд. теңге (18,2%), оның ішінде тамыз айындағы өсім 0,1 млрд. теңге (1,0%) болды.

Зейнетақы төлемдері және қорлардан сақтандыру ұйымдарына аударымдар 1 қыркүйекте 119,3 млрд. теңге болды немесе тамыз айында 2,9 млрд. теңгеге (2,5%) өсті. Қорлар бір жыл ішінде алушыларға жалпы сомасы 36 млрд. теңгеге (43,2%), оның ішінде ағымдағы жылдың басынан бастап 27,2 млрд. теңгеге (29,5%) зейнетақы төлемдерін жүзеге асырды.

Ағымдағы жылдың басынан бастап зейнетақы аннуитет шарттарына сәйкес сақтандыру ұйымдарына алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасау жалпы сомасы 1,2 млрд. теңгеге 666 алушыға жүзеге асырылды. Зейнетақы аннуитет шарттарына сәйкес сақтандыру ұйымдарына алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасаудың жалпы сомасы 1 қыркүйекте 1,6 млрд. теңгені құрады.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі жөніндегі ақпаратты Агенттіктің сайтында орналастыру, сондай-ақ қорлардың ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауы салымшыларға (алушыларға) қорды дербес таңдауға және зейнетақы заңнамасы бойынша берілген жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аудару құқығын пайдалануға мүмкіндік береді.


1 қыркүйектегі жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аудару тамыз айында 23,0 млрд. теңгеге (4,1%) ұлғайып, 580,9 млрд. теңгені құрады. Жинақталған зейнетақы қаражатын аудару бір жылда 299,9 млрд. теңгеге немесе 2 есе, оның ішінде ағымдағы жылдың басынан бастап 255,8 млрд. теңгеге (78,7 %) өсті.

Қорлардың зейнетақы активтерінің құрылымы

1 қыркүйектегі жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі тамыз айында 44,3 млрд. теңгеге немесе 2,6%-ға өсіп, 1 722,1 млрд. теңге болды.

2008 жылғы 1 қыркүйектен бастап 2009 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық өсуі 28,4 млрд. теңге болды.

Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы



Зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемін бөлу

ЗАИБЖАҰ /ООИУПА ЖЗҚ /НПФ	Зейнетақы активтері пенсионные активы	
	млн. тенге	в %
«Қазақстан Халық Банкі жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ еншілес ұйымы	514 291	29,86
"МЖЗҚ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	275 742	16,01
"Жетісу" ЗАИБЖАҰ" АҚ	218 077	12,66
"ҰларҮміт" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	218 077	12,66

«БТА Банкi» АҚ еншiлес ұйымы «БТА Қазақстан жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	212 115	12,32
"GRANTUM Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ («Қазкоммерцбанк» АҚ ЕҰ)	100 383	5,83
"ГРАНТУМ жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ («Қазкоммерцбанк» АҚ еншiлес ұйымы)	100 383	5,83
«Капитал» ЖЗҚ» АҚ - «Банк ЦентрКредит» АҚ еншiлес ұйымы	75 352	4,38
"Еуразиялық жинақтаушы зейнетақы қоры " АҚ	56 693	3,29
"Мұнайгаз - Дем" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	54 799	3,18
"Отан" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ («АТФ Банк» АҚ ЕҰ)	52 893	3,07
"Нұр-Траст" ЗАИБЖАҰ" АҚ, "Нұрбанк" АҚ еншiлес ұйымы	47 423	2,75
"Нұрбанк" АҚ еншiлес ұйымы "Атамекен" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	47 423	2,75
"АМАНАТ ҚАЗАҚСТАН жинақтаушы зейнетақы қоры " АҚ	34 513	2,00
"РЕСПУБЛИКА жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	29 570	1,72
"Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	28 833	1,68
"Өрлеу" ЗАИБЖАҰ" АҚ	21 463	1,25
"Қорғау" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ "	21 463	1,25
Барлық ЖЗҚ бойынша жиынтығы	1 722 146	100

Инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі тамыз айында 27,3 млрд. теңгеге немесе 1,7%-ға өсіп, ағымдағы жылғы 1 қыркүйекте 1 667,8 млрд. теңгені құрады.

ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық портфеліндегі үлесі 39,1%-ды құрайды. 1 қыркүйектегі жағдай бойынша мемлекеттік бағалы қағаздардың үлесі инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 35,6%-ын құрады (593,4 млрд. теңге) және 1 тамыздағы жағдай бойынша осыған ұқсас көрсеткішке қатысты 3,3%-ға немесе 19,0 млрд. теңгеге өсті.

ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары Финансовые инструменты	1.08.2009.		1.09.2009.	
	млн. теңге	%	млн. теңге	%
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	574 384	35,01	593 355	35,58
ҚР еурооблигациялары	0	0		
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	506 706	30,89	535 304	32,10
Ұлттық Банктің ноттары	67 678	4,12	58 051	3,48
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	198 578	12,11	199 107	11,94
акциялар	43 505	2,65	41 515	2,49
облигациялар	155 073	9,45	157 592	9,45
Шетел инвестициялық қорларының пайлары	0	0	0	0
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	84 803	5,17	88 545	5,31
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	65 674	4,00	54 804	3,28
Тазартылған алтын	0	0	0	0
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	636 580	38,80	651 212	39,05
акциялар	179 905	10,97	187 281	11,23
облигациялар, оның ішінде	456 675	27,84	463 931	27,82
Шетел валютасында номинирленген	24 214	1,48	25 637	1,54
теңгеге номинирленген	432 461	26,36	438 294	26,28
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	77 440	4,72	77 232	4,63
Туынды бағалы қағаздар	3 086	0,19	3 576	0,21
Жиынтығы	1 640 545	100	1 667 831	100

Қорлардың номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер

1 қыркүйектегі жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша номиналды кірістің орташа алынған коэффициенті:

– 2004 жылғы тамыз – 2009 жылғы тамыз кезеңінде - 46,34%. Номиналды кірістің орташа алынған түзетілген коэффициенті - 42,47% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі – 63,66%);


– 2006 жылғы тамыз – 2009 жылғы тамыз кезеңінде – 22,19% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі – 39,54%);

– 2008 жылғы тамыз – 2009 жылғы тамыз кезеңінде – 4,44% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның деңгейі – 6,20%) құрады.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының номиналды кірісі коэффициентінің өзгеруі ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінде алдыңғы айдың көрсеткішімен салыстырғанда мынандай сипатта болды:

- 60 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 1,41 пайыздық тармаққа өсті;
- 36 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 0,68 пайыздық тармаққа өсті;
- 12 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 2,82 пайыздық тармаққа өсті.

Қорлардың зейнетақы активтерінің және номиналды кірісі коэффициенттерінің арақатынасы



Қорлардың қаржылық жай-күйі

Қорлардың жиынтық капиталы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 73,5 млрд. теңге болды, оның ішінде жарғылық капитал – 38,5 млрд. теңге немесе жиынтық капиталдың жалпы көлемінің 52,4%-ы болды. Қорлар бойынша активтердің жалпы сомасы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 81,7 млрд. теңге болды, ағымдағы жылдың басынан бастап активтер сомасы 17,3 млрд. теңгеге (26,9 %) ұлғайды.

Жылдың тамыз айында 3 қор («АМАНАТ Қазақстан», «Қорғау» және «Республика») жалпы сомасы 1,2 млрд. теңге шығынға ұшырады, бұл ретте 11 қор жалпы сомасы 20,9 млрд. теңге пайда алды. Қорлардың таза кірісінің жалпы сомасы 1 қыркүйекте 19,7 млрд. теңге болды.

Қорлардың меншікті активтері есебінен қаржы инвестициялары 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 64,6 млрд. теңге немесе қорлардың жиынтық активтерінің 79,1%-ы болды.

Қорлар меншікті активтерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына – 56,5%, шет мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздарына – 1,8%,

Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына – 18,8%, халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарына – 3,1%, «Кері РЕПО» операцияларына - 0,8 % инвестициялады, екінші деңгейдегі банктердегі салымдарға – 6,6 %, шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына инвестициялардың жалпы көлемінің - 12,4% -ын орналастырды.

Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролі

Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын қатысты көрсеткіштердің динамикасы	1.01.05	1.01.06	1.01.07	1.01.08	1.01.09	1.09.09
ЖІӨ млрд.теңге	5 870,1	7 453,0	10 139,5	12 849,8	16 052,9	16 865,2 *
Жинақталған зейнетақы қаражатының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	8,2	8,7	9,0	9,4	8,8	10,2
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	6,5	6,9	6,7	7,1	7,4	8,2
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	2,0	2,1	2,5	2,6	1,9	2,6
Қорлардың жиынтық капиталының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,1	0,2	0,2	0,2	0,3	0,4

* - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің болжам деректері